

# Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын талдау

Сәуір, 2021


**KASE**

Қазақстан қор биржасы  
Казахстанская фондовая биржа  
Kazakhstan Stock Exchange

## KASE-ДЕ САУДАЛАНАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ

### KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыш

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыш сомасы 2020 жылы 3,7 трлн теңгеге немесе 28,9%-ға ұлғайып, 16,7 трлн теңгені құрады. Бұл өсім негізінен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің (бұдан әрі – Қаржымині, ҚРҚМ) МЕКАМ – ның қолданыстағы шығарылымдары (+2,7 трлн теңге) бойынша орналастырулардың ұлғаюымен, Қаржы министрлігінің еурооблигацияларының жаңа шығарылымдарының ресми тізіміне (+0,5 трлн теңге) енгізілуімен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) шығарған облигациялар шығарылымдарының (+0,8 трлн теңге) қосылуымен, сондай-ақ бұрын Биржаның ресми тізімінде тұрған және шетел валюталарында номинацияланған қағаздар бойынша мемлекеттік борыштың ұлғаюы есебінен (+0,2 трлн теңге) болды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) ноталарының жаңа шығарылымдарының көлемі 0,5 трлн теңгеге төмендеді.



2021 жылдың 01 қаңтарына KASE-де сатылатын мемлекеттік борыштың құрылымы өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша негізінен бір жылдан кем (24,3%) және он жылдан астам (26,6%) мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздардан (бұдан әрі – МБҚ) тұрды. Ең аз үлесті өтеу мерзімі үш жылдан бес жылға дейінгі МБҚ алды – 13,5 %. Өтеу мерзімі бір жылдан аз МБҚ қысқа мерзімді шығарылымдарының үлесі 30,8%-дан 24,3%-ға дейін төмендеді, осының есебінен шығарылымдарды өтеу мерзімдері бойынша бәлу неғұрлым біркелкі болды.

### KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыш құрылымы (номиналы бойынша), трлн тг

Құрылымы	Мем.борыштың сомасы				KASE-де сауда.-тын мем. борыш сомасының үлесі				Мем- борыш сомасының өзгеруі					
	01.01.20	01.04.20	01.01.21	01.04.21	01.01.20	01.04.20	01.01.21	01.04.21	абс	01.01.20/ 01.01.21	абс	01.04.20/ 01.04.21	01.01.20/ 01.01.21	01.04.20/ 01.04.21
KASE-де сауда.-тын мем.борыш сомасы	13,0	13,9	16,7	17,9	-	-	-	-	3,7	4,0	29%	29%		
<b>Өтеуге дейін қалған мерзімі бойынша</b>														
< 1 жыл	4,0	4,1	4,1	5,1	31%	29%	24%	29%	0,1	1,0	2%	25%		
1-3 жыл	1,4	1,6	2,6	2,5	11%	11%	15%	14%	1,2	0,9	82%	61%		
3-5 жыл	1,6	1,5	2,3	2,2	12%	11%	14%	12%	0,7	0,6	41%	40%		
5-10 жыл	2,8	3,7	3,4	3,6	22%	27%	20%	20%	0,6	-0,1	20%	-4%		
> 10 жыл	3,1	3,0	4,4	4,6	24%	22%	27%	25%	1,3	1,5	42%	51%		
<b>Бағалы қағаздың түрпаты бойынша</b>														
ҚРҰБ ноталары	3,6	3,7	3,1	3,5	28%	27%	18%	20%	-0,5	-0,2	-15%	-5%		
ҚРҚМ облигация	7,0	7,5	9,8	10,5	54%	54%	59%	59%	2,7	3,0	39%	40%		
ҚРҚМ еурооблигация	2,1	2,5	2,9	2,9	16%	18%	17%	16%	0,7	0,4	34%	14%		
ХИҰ облигация МИО	0,2	0,2	1,1	1,0	2%	1%	6%	6%	0,8	0,8	393%	439%		

2021 жылдың алғашқы үш айының қорытындысы бойынша KASE сауда-саттығындағы мемлекеттік қарыз сомасы 17,9 трлн теңгені құрап, ҚР ҰБ ноталарының жаңа шығарылымдары (+0,5 трлн теңге), қаржы Министрлігінің жаңа қазынашылық міндеттемелерін орналастыру және қаржы министрлігінің МЕКАМ шығарылымдарын ірілендіру (+0,7 трлн теңге) есебінен 1,2 трлн теңгеге ұлғайды. ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттарын шығаруға елеулі көлем түскенін ескере отырып, өтеу мерзімі бір жылдан аз МБҚ үлесі 28,6%-ға дейін өсті.

# САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ


## Мәмілелер көлемі

2020 жылы МБҚ нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 2,8 трлн теңгеге немесе 2,6 есеге ұлғайып, 4 650,7 млрд теңгені құрады, бұл ретте сауда-саттық көлемінің өсуі бастапқы нарықта да, қайталама нарықта да байқалды. 2021 жылғы қаңтар-наурызда KASE-дегі сауда-саттық көлемі 924,7 млрд теңгені құрады, бұл ретте 2020 жылы осындай кезеңде сауда-саттық көлемі 831,5 млрд теңгені құраған.

**Бастапқы нарық.** 2020 жылы бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі 2019 жылдағы 1 446,6 млрд теңгеге қарағанда 3 734,0 млрд теңгені құрады, оның ішінде 2 770,8 млрд теңгесі Қаржы министрлігінің облигацияларының сауда-саттығына және 963,2 млрд теңгесі ЖАО облигацияларының сауда-саттығына түсті. 2020 жылдың наурыз-қараша айларында шектеу шараларын енгізумен, COVID-19 пандемиясының салдарынан экономикалық белсенділіктің төмендеуімен және мемлекет тарапынан экономиканың ең көп зардап шеккен субъектілеріне қолдау көрсету қажеттілігімен байланысты Қаржы министрлігінің МЕКАМ асыра орналастырулары байқалды. 2021 жылдың үш айында бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі негізінен Қаржы министрлігінің МЕКАМ орналастыру есебінен 725,2 млрд теңгені құрады (702,2 млрд теңге), бұл ретте, қаражат тарту кестесіне сәйкес, ҚРҚМ алғашқы үш айда бар болғаны 455,0 млрд теңге тартуды жоспарлады.

**Қайталама нарық.** Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2020 жылы 2,4 есеге ұлғайып, 2019 жылы 377,1 млрд теңгеге қарағанда 916,8 млрд теңгені құрады. МБҚ бойынша бөлуде сауда-саттық негізінен өтуге дейін қалған мерзімі бір жылдан он жылға дейінгі шектерде жүргізілді. Қаржы министрлігінің облигацияларымен сауда-саттық көлемі 453,0 млрд теңгені құрады, бұл ретте Қаржы министрлігінің МЕКАМ сауда-саттық үлесі қайталама нарықтың жалпы құрылымында 2019 жылдағы 2,9%-дан 2020 жылы 49,4%-ға дейін өсті. Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі ҚРҰБ ноталарының үлесі, керісінше, 2020 жылы 2019 жыл көрсеткішінің 95,0%-нан 50,4%-ға дейін төмендеді. 2021 жылдың бірінші тоқсанында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 199,5 млрд теңгені құрады, бұл ретте 61,8 % (123,3 млрд теңге) қаржы министрлігінің МЕКАМ және еурооблигацияларына 2020 жылдың бірінші тоқсанында 0,9 % (2,7 млрд теңге) қарсы келді. ҚРҰБ ноталарымен қайталама нарықтағы сауда-саттық үлесі 2020 жылдың бірінші тоқсанында 99,0%-дан (294,8 млрд теңге) 2021 жылдың бірінші тоқсанында 37,7%-ға (75,2 млрд теңге) дейін төмендеді. Осы деректерге сүйене отырып, Қаржы министрлігінің облигацияларымен сауда-саттық үлесін ұлғайту және қайталама нарықтағы ҚРҰБ ноталарымен сауда-саттық үлесін азайту тренді жалғасын тапты.

## Сауда-саттық көлемінің динамикасы, млрд KZT



## САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

МБҚ нарығындағы өтімділікті арттыру мақсатында 2020 жылы Биржа ең белсенді қатысушылармен келіссөздер жүргізіп және жаңа маркет-мейкерлік бағдарламаларды енгізе отырып, осы нарыққа маркет-мейкерлерді тарту бойынша жұмыс істеді. Қабылданған шараларды сақтаған кезде Биржа мүшесі маркет-мейкердің міндеттемелерін орындайтын мәмілелер бойынша комиссиялық алымдарды төлеуден босатылады және басқа МБҚ-мен мәмілелер бойынша 50%-ға азайтылған комиссиялық алымдарды төлейді. Өз кезегінде Биржа осы маркет-мейкерге онымен мәміле бойынша контрагенттен алынған Биржаның комиссиялық алымы сомасының 50% мөлшерінде сыйақы төлеуді жүзеге асырады. 2020 жылдың 03 тамызынан бастап МБҚ нарығында үш маркет-мейкер қатысты: "Фридом Финанс" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Сентрас Секьюритиз" АҚ.

### МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд теңге

Құрылымы	Сауда-саттық көлемі				Сауда-саттық көлеміндегі үлес				Сауда-саттық көлемінің өзгеруі			
	2019	3М 2020	2020	3М 2021	2019	3М 2020	2020	3М 2021	абс 2020/2019	абс 3М 2020/3М 2021	% 2020/2019	% 3М 2020/3М 2021
МБҚ сауда-с. көлемі	1 824	832	4 651	924	-	-	-	-	2827	93	155,0%	11%
<b>Бастапқы нарық</b>												
ҚРҚМ облигац.	1338	510	2 771	702	92%	96%	74%	97%	1 433	192	107%	38%
ЖАО облигац.	109	23	963	23	8%	4%	26%	3%	854	<1	785%	-1%
<b>Барлығы</b>	<b>1 447</b>	<b>534</b>	<b>3 734</b>	<b>725</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>2 287</b>	<b>191</b>	<b>158%</b>	<b>36%</b>
<b>Қайталама нарық</b>												
ҚРҚМ облигац.	11	3	446	118	3%	1%	49%	59%	435	116	3 943%	4 418%
ҚРҚМ еурообл.	7	<1	7	5	2%	<1%	1%	3%	-1	5	-8%	13
ҚРҰБ ноталары	358	295	462	75	95%	99%	50%	38%	104	-220	29%	-74%
Шетелдік МБҚ	1	<1	1	1	0%	<1%	<1%	<1%	1	1	98%	165%
<b>Барлығы</b>	<b>377</b>	<b>298</b>	<b>917</b>	<b>199</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>540</b>	<b>-98</b>	<b>143%</b>	<b>-33%</b>

# ИНВЕТОРЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

## Инвесторлардың құрылымы

**Бастапқы нарық.** 2020 жылы ұсынымның жалпы көлемінің 52,0 % институционалдық инвесторлар арасында, 26,4 % заңды тұлғалар арасында, 21,1% екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) арасында орналастырылды. 2021 жылдың үш айында МБҚ сатып алушыларының құрылымы негізінен екінші деңгейдегі банктерден тұрады (70,9 %). Бейрезиденттердің сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі үлесі 2020 жылы 1,0% құрады, бұл ретте 2021 жылдың бірінші тоқсанында 2,9%-ға дейін өсті.

**Қайталама нарық.** 2020 жылы сатушылардың құрылымы негізінен институционалдық инвесторлармен (49,4 %) және ЕДБ-мен (40,7%) ұсынылған. Сатып алушылар тарапынан негізгі үлесті институционалдық инвесторлар (42,7 %) және ЕДБ (28,8%) иеленді. 2021 жылдың бірінші тоқсанында МБҚ-ға негізгі сұранымды ЕДБ (51,0 %) және өзге де заңды тұлғалар (34,9%) қамтамасыз етті. Негізгі сатушылар ЕДБ (45,6%) және институционалдық инвесторлар (36,9%) болды. Сатып алушылар тарапынан қайталама нарықтағы бейрезиденттердің үлесі 2020 жылы 10,0 % құрады және 2021 жылдың бірінші тоқсанында 17,1 %-ға дейін өсті. Сатушылар жағында бейрезиденттердің үлесі 2020 жылы 9,3 % құрады және 2021 жылдың бірінші тоқсанында 10,0 %-ға дейін өсті.

### Қатысушылар түрлері бойынша МБҚ сатып алу нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд теңге

	Сату көлемі				Сату көлеміндегі үлесі			
	2019	3М 2020	2020	3М 2021	2019	3М 2020	2020	3М 2021
<b>Бастапқы нарық</b>								
ЕДБ	9	50	787	514	1%	9%	21%	71%
Брокер-дилерлер	-	1	20	1	-	<1%	1%	<1%
Институц. Инвесторлар	1 322	460	1 942	119	91%	86%	52%	16%
Заңды тұлғалар	116	24	985	92	8%	4%	26%	13%
Жеке тұлғалар	-	-	<1	-	-	-	<1%	-
<b>Барлығы</b>	<b>1 447</b>	<b>534</b>	<b>3 734</b>	<b>725</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>
Бейрезидент	-	-	38	21	0%	0%	1%	3%
Резидент	1 447	534	3 696	704	100%	100%	99%	97%
<b>Қайталама нарық</b>								
Екінші деңгейдегі Банк	25	28	264	102	7%	9%	29%	51%
Брокер-диллер	20	1	25	5	5%	0%	3%	2%
Басқа институционалдық инвесторлар	182	253	392	23	48%	85%	43%	12%
Басқа да заңды тұлғалар	148	15	235	70	39%	5%	26%	35%
Жеке тұлға	2	<1	1	<1	<1%	<1%	<1%	<1%
<b>Барлығы</b>	<b>377</b>	<b>298</b>	<b>917</b>	<b>199</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>
Резидент емес	1	-	92	34	<1%	0%	10%	17%
Резидент	376	298	825	165	100%	100%	90%	83%

### Қатысушылардың түрлері бойынша МБҚ сату нарығындағы сауда көлемі, млрд теңге

	Сату көлемі				Сату көлеміндегі үлесі			
	2019	3М 2020	2020	3М 2021	2019	3М 2020	2020	3М 2021
<b>Бастапқы нарық</b>								
Институц. Инвесторлар	6	-	29	-	<1%	0%	1%	0%
Заңды тұлғалар	1 441	534	3 705	725	99%	100%	99%	100%
<b>Барлығы</b>	<b>1 447</b>	<b>534</b>	<b>3 734</b>	<b>725</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>
Резидент емес	-	-	-	-	-	-	-	-
Резидент	1 447	534	3 734	725	100%	100%	100%	100%
<b>Қайталама нарық</b>								
Екінші деңгейдегі Банк	289	232	373	91	77%	78%	41%	46%
Брокер-диллер	7	0	24	4	2%	0%	3%	2%
Басқа институционалдық инвесторлар	70	66	453	74	19%	22%	49%	37%
Басқа да заңды тұлғалар	11	0	66	30	3%	0%	7%	15%
Жеке тұлға	-	0	-	-	0%	0%	0%	0%
<b>Жалпы қорытынды</b>	<b>377</b>	<b>298</b>	<b>917</b>	<b>199</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>
Резидент емес	-	24	85	19	0%	8%	9%	10%
Резидент	377	273	832	180	100%	92%	91%	90%

# ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҚАЛҒАН МЕРЗІМДЕР

## Өтеуге дейін қалған мерзімдер

**Бастапқы нарық.** Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша бөліністе қысқа мерзімді міндеттемелерге көшу байқалады: 2019 жылы өтеу мерзімі жылға дейінгі МБҚ орналастырылмаған, 2020 жылы оларды орналастыру үлесі 8,6%-ға дейін өсті. Қаржы министрлігінің 2020 жылдың мамырынан бастап қысқа мерзімді міндеттемелерді шығаруды қайта бастағаны ынталандыру болды. Сонымен қатар өтеу мерзімі он жылдан асатын міндеттемелердің үлесі 2019 жылғы 86,9%-дан 2020 жылы 42,3%-ға дейін төмендеді. Орта мерзімді кезеңде ең үлкен өсім бір жылдан үш жылға дейін (сауда-саттық көлемінің орташа айлық өсуі 64,5 млрд теңгеге) және бес жылдан он жылға дейін (сауда-саттық көлемінің орташа айлық өсуі 65,7 млрд теңгеге) байқалды. 2021 жылдың бірінші тоқсанында бастапқы нарықта өтеу мерзімі бір жылдан аз МБҚ сауда-саттығының үлесін ұлғайтуға (үлестің өсуі 26,5%-ға дейін) және өтеу мерзімі он жылдан астам МБҚ сауда-саттығының үлесін төмендетуге (үлестің 41,3%-дан 13,0%-ға дейін төмендеуі) тренд жалғасты.

**Қайталама нарық.** Өтелгенге дейінгі мерзімдер бойынша бөліністе қайталама нарықта өтеу мерзімі бір жылға дейінгі бағалы қағаздармен сауда-саттық үлесінің 2019 жылғы 95,4%-дан 2020 жылы 52,9%-ға дейін төмендеуі байқалады (бұл ретте бастапқы нарықта осы сегмент, керісінше, өсіп келеді) және өтелгенге дейінгі мерзімі он жылдан астам бағалы қағаздармен сауда-саттық үлесінің 0,2%-дан 9,7%-ға дейін өсуі (бұл ретте бастапқы нарықта осы сегмент, орта мерзімді кезеңде бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемінің ең көп өсуі байқалады: МБҚ сауда – саттығының үлесі бір жылдан үш жылға дейінгі шекте 1,3%-дан 19,1%-ға дейін, үш жылдан бес жылға дейінгі шекте – 0,6%-дан 4,6%-ға дейін, бес жылдан он жылға дейінгі шекте – 2,4%-дан 13,7%-ға дейін өсті. 2021 жылдың бірінші тоқсанында қайталама нарықта бағалы қағаздармен сауда-саттық үлесін өтеу мерзімі бір жылға дейін осы сектордың бастапқы нарықтағы өсіміне қарағанда 99,0%-дан 41,7%-ға дейін төмендету тренді жалғасты. Сауда-саттықтың ең үлкен өсімі өткен жылдан бері орта мерзімді облигациялар секторында жалғасты: бір жылдан үш жылға дейінгі шектегі сауда-саттықтың үлесі 36,4%-ға дейін өсті, бұл ретте он жылдан жоғары шекте керісінше төмендеу байқалады.

## Өтеу мерзімі бойынша МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд теңге

Құрылымы	Сауда-саттық көлемі				Сауда-саттық көлеміндегі үлесі				Сауда-саттық көлемінің өзгеруі			
	2019	3М 2020	2020	3М 2021	2019	3М 2020	2020	3М 2021	абс 2020/2019	абс 3М 2020/3М 2021	% 2020/2019	% 3М 2020/3М 2021
<b>Бастапқы нарық</b>												
< 1 жыл	-	-	319	192	-	-	9%	27%	319	192	-	-
1-3 жыл	151	35	925	169	10%	7%	25%	23%	774	134	512%	382%
3-5 жыл	19	-	101	69	1%	-	3%	10%	82	69	432%	-
5-10 жыл	19	278	807	200	1%	52%	22%	28%	788	-78	4198%	-28%
> 10 жыл	1 258	220	1 581	94	87%	41%	42%	13%	323	-126	26%	-57%
<b>Барлығы</b>	<b>1 447</b>	<b>534</b>	<b>3 734</b>	<b>725</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>2 287</b>	<b>192</b>	<b>158%</b>	<b>36%</b>
<b>Қайталама нарық</b>												
< 1 жыл	360	295	485	83	95%	99%	53%	42%	125	-212	35%	-72%
1-3 жыл	5	-	175	73	1%	-	19%	36%	170	73	3 389%	-
3-5 жыл	2	<1	42	2	1%	<1%	5%	2%	39	5	1 733%	4 952%
5-10 жыл	9	<1	126	24	2%	<1%	14%	12%	117	24	1 290%	7 887%
> 10 жыл	1	3	89	14	<1%	1%	10%	7%	88	12	10 093%	4 53%
<b>Барлығы</b>	<b>377</b>	<b>298</b>	<b>917</b>	<b>199</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>540</b>	<b>-98</b>	<b>143%</b>	<b>-33%</b>

# Қаржы министрлігінің МЕКАМ ОРНАЛАСТЫРУ

## Қаржы министрлігінің МЕКАМ орналастыру

Қаржы министрлігінің МБҚ шығарылымының құрылымында шоғырландыру үрдісі байқалады: 2020 жылы қаржы министрлігі жалпы сомасы 2,9 трлн теңгеге облигацияның 21 шығарылымын ірілендірді. Сонымен қатар, жекелеген шығарылымдардың сомасы 300 млрд. теңгеден асты.

Шығарылым	Шығарылымның номиналы бойынша сомасы, млрд теңге			04.21 ж.б. млн USD-мен баламасы	Кезеңдегі өзгеруі	Өтеу датасы
	01.01.20 ж.б.	01.01.21 ж.б.	01.04.21 ж.б.			
KZ_05_2410	572	631	637	1 500	65	14.10.24
KZ_06_4410	381	421	424	1 000	43	14.10.44
KZ_07_2507	953	1 052	1 061	2 500	108	21.07.25
KZ_10_2811	224	271	262	616	37	09.11.28
MOM060_0051	267	303	303	714	36	03.07.22
MUM084_0017	48	141	204	480	156	30.01.24
MUM108_0011	73	145	145	342	72	29.08.23
MUM108_0012	250	300	300	708	50	03.07.26
MUM120_0011	53	84	84	198	31	19.03.22
MUM120_0016	<1	4	41	96	41	27.05.25
MUM120_0017	8	51	150	353	142	06.03.27
MUM120_0018	250	276	276	651	26	03.07.27
MUM132_0005	24	236	236	555	211	15.05.23
MUM144_0001	11	359	359	845	348	05.05.22
MUM156_0006	260	357	357	840	96	10.05.31
MUM168_0003	297	361	361	852	65	16.04.32
MUM180_0012	384	549	626	1 474	242	04.02.30
MUM180_0013	8	33	51	119	43	04.04.33
MUM180_0014	164	360	360	849	196	23.04.33
MUM216_0001	84	258	258	607	174	30.07.36
MUM216_0002	187	297	297	700	110	11.02.37
MUM240_0002	369	436	436	1 027	67	12.05.34
MUM240_0004	370	571	571	1 346	201	29.01.35
MUM300_0002	165	275	275	648	110	25.07.39
MUM300_0003	93	293	293	690	199	26.02.40
<b>Барлығы</b>	<b>5 494</b>	<b>8 062</b>	<b>8 364</b>	<b>19 712</b>	<b>2 871</b>	

# ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

Осы есепте қамтылған ақпаратты "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE) мамандары дайындады.

KASE осы есепте келтірілген ақпараттың толықтығы мен дәлдігіне, сондай-ақ оның дереккөзі KASE болып табылатын ақпаратқа қатысты дұрыстығына кепілдік береді.

KASE де, қызметкерлердің бірде-біреуі де осы есепті немесе онда ұсынылған мәліметтерді пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген тікелей немесе жанама залалдар (залалдар) үшін жауапты болмайды.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын тәуелсіз бағалауға кеңес береді және инвесторларды қаржы кеңесшілерінің қызметтерін пайдалануға шақырады. Есепке Барлық құқықтар KASE-ге тиесілі. Осы талдамалық материалды ішінара немесе толық жариялау және/немесе тарату жазбаша рұқсатсыз жүзеге асырыла алмайды

© «Қазақстан қор биржасы" АҚ

## KASE БАЙЛАНЫС

Ақпарат және статистика департаменті

+7 727 237 53 28

+7 727 237 53 23

+7 727 237 53 15

[info@kase.kz](mailto:info@kase.kz)